

Шағын жарнама түріндегі сөздерді есептеу ережесі

(жүгірме жол, телегазет, радиостанциялардағы хабарлама)



1. Мәтіннің есептеу құны **СӨЗДЕР** бойынша жүргізіледі.
2. Көмекші сөздер, жалғаулық, көпшілік мақұлдаған сөздер, есімдік, қысқартылған сөздер, **2-і символға** дейін аббревиатуралар сөз деп **саналмайды**.
3. Көпшілік мақұлдаған сөздерден басқа (мысалы: көше – к., даңғыл – даң., алаң – алаң, үй – үй, пәтер – пәт., қала – қ., шоссе – ш., қабат – қаб., телефон – тел. және басқа көпшілік мақұлдаған қысқартулар), сөздерді қысқартуға рұқсат етілмейді.
4. Көмекші сөздер, жалғаулық, есімдік, қысқартылған сөздер, **2-і символдан асатын аббревиатуралар 1 сөз болып саналады**.
5. Бір цифр немесе цифрлар жиыны (арасында бос орынсыз) 1 сөз болып саналады.
6. Сызықша арқылы жазылған сөздер мен цифрлар, 1 сөз болып саналады.
7. Тыныс белгілері, рұқсат етілген символдар құнына есептелмейді. 3 тыныс белгілерін қатар пайдалануы рұқсат етілмейді.
8. Тек келесі символдарды қолдануға рұқсат етілген: . , ! ? @ - + " « » ; : % / () & №.
9. Дәрілік заттардың (ДЗ), медициналық мақсаттағы бұйымдардың (ММБ), медициналық техникасының (МТ) жарнамасы, үкілетті ұйымның **ДЗ/ММБ/МТ** жарнамасына сарапшылық тұжырымымен бекітілген, мәтінге сәйкес жүргізіледі, атап айтқанда: жарнама материалдардың бағалауын жүргізген тұлғаның қолы қойылған және сараптау баға актісінің нөмірі мен күні көрсетілген, «Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігінің бағалауы жүргізілді» деген **сараптау ұйымның мөртабанымен бекітілген мәтін орналастыруға жатады**. Осы Ереженің 1-7 тармағына сәйкес, бекітілген мәтіннің барлық сөздері есептеу құнына кіреді.

** ДЗ, ММБ, МТ жарнамасы үшін, келесі құжаттарды беруге қажет:*

- 1) 20 __ жылғы « __ » _____ берілген (сараптау ұйымының тұжырымы) модулімен, бабымен, кадрланған бейнероликпен, қағаз нұсқасындағы аудиожарнаманың мәтінімен, электрондық тасымалдаушылардағы аудио-бейнежазбасы бар, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі туралы дәрілік заттардың жарнама материалының бағалауы жүргізілген нәтижесі бойынша тұжырымдаманың көшірмесі;
 - 2) Тиісті мемлекеттік лицензияның көшірмесі;
 - 3) ДЗ жарнама компаниясын жүргізу тапсырмасы туралы жарнама берушіден берілген сенім хаты;
 - 4) Шағын түріндегі жарнаманы орналастыру туралы шартқа/сұранымға қол қойылған тұлғаның қолымен/мөрі бар және жоғарыда тізімі көрсетілген құжаттарға ілеспе хат.
10. Егер жарнама берушімен жүргізілетін қызмет, лицензиялауға жататын болса, онда тиісті тауарды (жұмыс, қызмет) жарнамалау кезде, сондай-ақ жарнама беруші өзін жарнамалаған кезде, радиодағы жарнамадан басқа, лицензия берген органның атауы және лицензияның нөмірі көрсетілуі керек. Сонымен бірге лицензия туралы деректер (**лицензия берген органның атауы және лицензияның нөмірі**) жарнаманың құнына есептелмейді. Лицензияның көшірмесі міндетті түрде хабарламаға тіркеледі.

** Сөздер саны, күндер, таңдаған телеарналар мен радиостанциялар хабарламаның құнына әсер етеді.*

